



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2022 жылғы тамыз

2022 жылғы тамызда жылдық инфляция 16,1% (шілдеде – 15,0%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 20,8%-ға (шілдеде – 19,7%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы - 15,5%-ға (шілдеде – 14,2%-ға), ақылы көрсетілетін қызметтер бағасы – 10,1%-ға (шілдеде – 9,2%-ға) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 20 өңірде жеделдеді. Ең жоғары жеделдеу Ұлытау облысында (шілдедегі 15,7%-дан тамызда 18,6%-ға дейін) тіркелді. Жылдық инфляция 10 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең жоғары мән Маңғыстау облысында (19,3%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2021 тамыз – 2022 тамыз), %-бен

Маңғыстау	9,7	19,3
Ұлытау		18,6
Ақмола	8,7	17,8
Нұр-Сұлтан қ.	8,5	17,3
Абай		16,9
Шығыс Қазақстан	8,7	16,8
Қарағанды	8,9	16,6
Атырау	9,1	16,5
Солтүстік Қазақстан	8,2	16,3
Жетісу		16,2
Ақтөбе	9,2	16,1
Қазақстан Республикасы	8,7	16,1
Батыс Қазақстан	8,2	16,0
Түркістан	9,5	16,0
Алматы қ.	8,2	15,9
Қостанай	8,6	15,9
Павлодар	9,2	15,9
Шымкент қ.	8,6	15,5
Қызылорда	8,2	15,5
Жамбыл	8,7	14,8
Алматы	8,7	13,6

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда ел бойынша деңгейден жоғары (20,8% г/г) **азық-түлік** тауарлары Маңғыстау (25,8%), Ақтөбе (23,5%), Ақмола (22,7%), Атырау (22,2%), Солтүстік Қазақстан және Жетісу (21,6%-дан), Павлодар (21,3%) облыстарында, Алматы қаласында және Абай (21,1%-дан), сондай-ақ Қостанай (20,9%) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы ел бойынша бағадан (15,5% ж/ж) Нұр-Сұлтан қаласында (21,6%), Ұлытау (19,8%), Ақмола (18,1%), Қарағанды және Шығыс Қазақстан (17,5%-дан), Абай (17,4%), Маңғыстау (17,3%), Атырау (16,4%), сондай-ақ Солтүстік Қазақстан және Жетісу облыстарында (15,7%-дан) өсті.

Елде **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы 10,1%-ға ж/ж өсті, бұл ретте өсім Ұлытау (15,8%), Маңғыстау (12,1%) облыстарында, Алматы қаласында (12,0%), Шығыс Қазақстан (11,2%), Батыс Қазақстан (11,0%) облыстарында, Қарағанды облысында және Нұр-Сұлтан қаласында (10,7%-дан), Ақмола және Түркістан облыстарында (10,6%-дан), Абай облысында (10,5%) және Шымкент қаласында (10,3%) жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы көрсетілетін қызмет инфляциясы
Қазақстан Республикасы	20,8	15,5	10,1
Ақмола	22,7	18,1	10,6
Ақтөбе	23,5	15,1	6,3
Алматы	18,4	13,1	7,1
Атырау	22,2	16,4	8,6
Батыс Қазақстан	20,1	15,1	11,0
Жамбыл	20,6	14,2	7,3
Қарағанды	20,0	17,5	10,7
Қостанай	20,9	15,2	9,4
Қызылорда	19,7	14,9	10,0
Маңғыстау	25,8	17,3	12,1
Павлодар	21,3	15,5	8,6
Солтүстік Қазақстан	21,6	15,7	9,6
Түркістан	20,7	14,7	10,6
Шығыс Қазақстан	20,3	17,5	11,2
Нұр-Сұлтан қ.	18,6	21,6	10,7
Алматы қ.	21,1	12,5	12,0
Шымкент қ.	20,7	13,4	10,3
Абай	21,1	17,4	10,5
Жетісу	21,6	15,7	9,0
Ұлытау	19,9	19,8	15,8

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы тамызда елдегі айлық инфляция **1,4%**-ды құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021 жылдардағы) тамыз айындағы инфляцияның орташа мәнінен едәуір жоғары. Барлық өңірлерде 2022 жылғы тамызда баға орташа тарихи нормасынан жоғары өсті. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Ұлытау облысында байқалды (2,7%).

2-кесте. 2022 жылғы тамыздағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі бір айдың орташа мәнімен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы тамыздың орташа мәні	2022 жылғы тамыз	Өңірлер	5 жылдағы тамыздың орташа мәні	2022 жылғы тамыз
Қазақстан Республикасы	0,2	1,4	Жамбыл	0,2	1,3
Ұлытау	-	2,7	Қостанай	0,1	1,3
Нұр-Сұлтан қ.	-0,1	1,9	Түркістан	0,6	1,3
Ақмола	0,3	1,8	Ақтөбе	0,2	1,2
Маңғыстау	0,3	1,8	Қарағанды	0,0	1,2
Абай	-	1,7	Павлодар	0,0	1,2
Солтүстік Қазақстан	0,2	1,6	Батыс Қазақстан	0,2	1,1
Алматы қ.	0,3	1,6	Қызылорда	0,4	1,1
Жетісу	-	1,6	Атырау	0,4	0,9
Шығыс Қазақстан	0,1	1,5	Алматы	0,1	0,6
Шымкент қ. ¹	0,3	1,4			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән (2019-2021 жж.)